№69 (10059)
30 тамыз,
жұма
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қастерлі Ата Заңымыз – тәуелсіздігіміздің тірегі, табысты дамуымыздың кепілі. Ол бейбітшілік пен берекелі өмірдің, заңның үстемдігі мен әділеттіліктің тұғыры болып саналады.

Егемен еліміздің өсуі мен қалыптасу жылдары ізденіс пен жетістік кезеңі болғаны баршаңызға мәлім. Конституция осы уақыт ішінде талай белестерді бағындырған мемлекетіміз бен қоғамымыздың одан әрі дамуының үйытқысы болды. Бүгінде уақыт сынынан сүрінбей өткен еліміз дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орнын алып отыр.

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен тәуелсіз еліміз жаңаша қадамға жол ашып келеді. Ата Заңның аясында халықтың әл-ауқатын арттыруда қарқынды жұмыстар қолға алынды. Конституция тәуелсіздігіміздің кепілі ретінде бірлігімізді бекемдеп, экономикамызды нығайтуда, әлеуметтің әлеуетін арттыруда берік тұтқаға айналды.

Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшіп, «Жаңа Қазақстанды» құру жолында үлкен өзгерістерге бет бұрдық. Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз, әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз. Конституция күні – мемлекеттік мереке. Конституция күні біз үшін қасиетті күн болуы керек. Өйткені Ата Заңымыз – Қазақстанның әлемдік өркениетке қарай қарыштай қадам басуының алғышарттарын жасап берген жасампаз құжат. Олай болса, біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің еліміздің, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ деп есептеймін.

Ата Заң әрқайсысымыз үшін Қазақстан халқының тату-тәтті ынтымағының нышаны, өңіріміздің, бүкіл еліміздің одан әрі тұрақты дамуы мен гүлденуінің берік іргетасы болып табылады. Ата Заңымызды ұлықтау – егемен еліміздің әрбір азаматының қасиетті борышы.

Қадірлі жалағаштықтар!

Бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналған Конституция күнімен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға береке, Отанымыздың дамуы мен гүлденуі жолындағы қажырлы еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі, бірлігіміз бекем болсын!

Құрметпен, Ардақ ИБРАИМОВ
Жалағаш ауданының әкімі

Құттықтау

Қадірлі жалағаштықтар, ардақты аудан жұрты!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қастерлі Ата Заңымыз – тәуелсіздігіміздің тірегі, табысты дамуымыздың кепілі. Ол бейбітшілік пен берекелі өмірдің, заңның үстемдігі мен әділеттіліктің тұғыры болып саналады.

Егемен еліміздің өсуі мен қалыптасу жылдары ізденіс пен жетістік кезеңі болғаны баршаңызға мәлім. Конституция осы уақыт ішінде талай белесті бағындырған мемлекетіміз бен қоғамымыздың одан әрі дамуының үйытқысы болды. Бүгінде уақыт сынынан сүрінбей өткен Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орнын алып отыр.

Ата Заңның арқасында Тәуелсіз еліміз қаншама жылда толайым табыстарға қол жеткізді. Сол уақыттан бері Ата Заңымыз бен ата дәстүрімізді жалғастырып келе жатырмыз. Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысынан бастау алатын Ата Заң XXI ғасырдың шақыруларына лайықты жауап беретін басты құжатымызға айналды.

Республикамыз Конституцияның өзекті ережелеріне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы саясатымен ел тағдыры үшін өмірлік маңызы бар жаңарулар жүргізілді. Бүгінгі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен тәуелсіз еліміз жаңаша қадамға жол ашып келеді. Ата Заңның аясында халықтың әл-ауқатын арттыруда қарқынды жұмыстар қолға алынды. Конституция тәуелсіздігіміздің кепілі ретінде бірлігімізді бекемдеп, экономикамызды нығайтуда, әлеуметтің әлеуетін арттыруда берік тұтқаға айналды.

Қадірлі жалағаштықтар!

Сіздерді еліміздің ұлық мерекесімен құттықтай отырып, баршаңыздың отбастарыңызға амандық, береке, бірлік тілеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі, бірлігіміз бекем болғай!

Құрметпен, Жалағаш аудандық мәслихатының
төрағасы Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ

Бүгін – Конституция күні!

Тәуелсіздік тірегі – Ата Заң

Мәңгілік елдің бағына орнаған тәуелсіздіктен кейін өмірге келген айбынды Ата Заңымыз қазақтың рухын көтеріп, дамудың даңғыл жолына бастап барады. Адамзаттың абыройы мен мерейін көтеруге негізделген заңның баптары мен тармақтары тек қазақ ұлтының ғана емес, біздің елде бейбіт өмір сүріп жатқан өзге ұлттар мен ұлыстардың да құқығын қорғап, бауырмалдық сипатта жазылып жарық көруі үлкен адамгершілік, татулық, жанашырлық принципін көздейді. Тұғыры биік, ғұмыры ұзақ заңымыздың беделі жыл санап көтеріліп, елдің игілігіне қызмет жасауда. Мұның бәрі еркіндіктің ақбоз атының кең дала атамекенде көсіліп шауып, азаттықтың көк туын еркін самғатып, Ұлы дала төскейінде кең тыныстаған жылдар шоғырының жемісті қолтаңбасы сынды.

Азат елдің айбынына айналған Конституция – тәуелсіздігіміздің ең басты құжаты және халықтың еркін өмір сүруінің, білім алуының, азат елдің айбынды тұлғасы болудың толықканды кепілі. Қай дәуірде, қай қоғамда болсын, кез келген елдің пайда болуы мен мемлекеттің қалыптасуы, дәуірлеп өрлеуі белгілі бір құқықтық жүйеге иек артып қалыптасатыны тарихтан белгілі.

Қазіргі Қазақстан мемлекетінің Ата Заңы – ғасырлар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын, ата-бабаларымыздың ар-ожданы мен биік парасатынан тұратын бірлік, тыныштық идеясын өз бойына сіңірген әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі. Солай бола тұрса да, еліміздің Конституциясы әлемдегі ең үздік 50 Конституцияның бірі болып саналатыны – тәуелсіздіктің 3 онжылдық белесін бағындырған Қазақстан үшін зор мақтаныш, үлкен абырой.

Қазақ даласында қалыптасқан мемлекеттік пен құқықтық дәстүр тамыры тереңде. Әлемге әйгілі Күлтегін ескерткішінде «Әлемнің көгінде аспан, төменінде қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адамзат баласының үстінен менің бабаларым Бумын қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, түркі заңдарын шығарып, оны бекітті» делінген.

Ұлылық пен даналық дарыған қазақ халқының мыңдаған жыл бойы өзіндік әдет-ғұрыптары мен дала заңдары болған. Ол заңның ерекшелігі шешендік, тапқырлық, айтқыштық өнерді өздеріне темірқазық еткен. Қара қылды қақ жарған әділ билердің өзін де, сөзін де қадір тұтып, олардың есімін ауыз әдебиеті үлгісімен тарихқа таңбалаған.

Түркі бабаларымыздан бастау алған заң түзу қызметі, қазақ хандығы дәуірінде Қасым ханның, Есім ханның және Тәуке ханның тұсында өз жалғасын тапты. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған кешенді заң жинағы өмірге келді. Оның негізгі мазмұны Қасым ханның жүргізген мемлекеттік саясатына негізделген. Ал «Есім ханның ескі жолы» заңдар жинағы сол дәуірдегі мемлекеттік басқару жүйесін реттеуге бағытталған.

Қазақ халқының өміріндегі ережеқағидалардың, салт-дәстүрлердің жүйелі жиынтығы атақты «Жеті жарғы» еді. «Жеті Жарғы» бабаларымыздың жан-жақты байытылған құқықтық мұрасы болды.

– 1995 жылы қазіргі Ата Заңымыз қабылданды. Бұл қадам тереңнен тамыр тартатын мемлекеттігімізді тың өріске бастап, Қазақстан Республикасының күрделі геосаяси жағдайдағы дамуының даңғыл жолын айқындады. Конституциямызда белгіленген адам құқығы мен бостандығы, саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылым қағидаттары әділетті қоғам мен қуатты мемлекеттің айнымас тұғырына айналды. Халық билігі, теңдік, бірлік, заң үстемдігі қастерлі ұстанымдар ретінде қалыптасып, Қазақстанның келешектегі жан-жақты даму бағдарының мазмұнын айшықтай түсті. Ата заңымыз уақыт рухына және азаматтарымыздың талап-тілегіне сай келеді. Сондай-ақ оның жасампаздық әлеуеті саяси жүйе мен әлеуметтік-экономикалық қатынастарды одан әрі жетілдіруге бағытталған. Біз мемлекеттің берік конституциялық негізіне сүйене отырып, елдегі келісім мен саяси тұрақтылықты сақтаймыз және азаматтық қоғаммен сындарлы байланысты жалғастыра береміз, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тарихқа жүгінсек, 1995 жылы 30 тамызда – жалпыхалықтық референдумға сайлаушылардың 90,58 пайызы қатысып, олардың 89,14 пайызы жаңа Конституцияны қолдады. Бұл тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынып, елдің пікірі ескерілген халықтық Конституция болды.

Конституцияда Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені, мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені көрсетілген. Биліктің бірден-бір бастауы халық болып танылды.

Осылайша 1995 жылғы Конституция Қазақстанның қазіргі мемлекеттілігінің негізін салды. Бүгінде Конституциямыз еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізіне айналып, заң үстемдігінің шынайы үлгісін көрсетіп отыр. Конституциялық нормаларды қатаң сақтай отырып, елімізде биліктің демократиялық принциптер негізінде алмасуы орын алды.

Конституция ел-халқының пікірін есепке ала отырып жасалған құқықтық-саяси құжатқа айналды. Конституцияны қалыптастыруға қалың жұрттың қатысуы Ата Заңның әлеуетін арттырды. Осы уақыт ішінде Қазақстанның Конституциясы уақыттың сынынан сүрінбей өтті. Сәйкесінше бұл құжат өзінің заман талабына лайықтылығын дәлелдеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Салтанатты шара

Ата Заң – алтын діңгегім

Конституция күні – халқымыз үшін ең қастерлі, ең ұлық мереке. Мемлекетіміздің құқықтық негізін айқындаған Ата заңымыздың қабылданғанына биыл – 29 жыл. Ата Заңымыз ардақталар мемлекеттік мереке қарсаңында Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде «Ата Заңым – алтын діңгегім» атты салтанатты жиын өтті.

Салтанатты шара Тәуке ханның «Қасым ханның қасқа жолы мен Есім ханның ескі жолын» негізге ала отырып, қазақ елінің бас көтерген би-шешендерін жаңа заңдар жиынтығын құру үшін Күлтөбенің басына жиып, «Әз Тәукенің жеті жарғысы» деген атауға ие болған Заңдар жиынтығының өмірге келуіне арналған қойылыммен бастау алды. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жалағаштықтарды Конституциясы күнімен құттықтап, Ата Заңымыздың беделі мен маңызына тоқталды.

– Осыдан 29 жыл бұрын миллиондаған қазақстандық жаңа Конституцияның қабылдануы үшін жалпыхалықтың дауысқа салумен өзінің тарихи таңдауын жасаған болатын. Ата-бабаларымыз дала заңдарының білгірлері билеріміздің билігіне сөзсіз бағынған. Тарихтан тағылым алған бүгінгі буын да игі дәстүрді жалғап, ұрпақтар сабақтастығын үзген емес. Ата заңымыздың негізгі ережелері аясында еліміздің тұрмыс-тіршілігі айтарлықтай өзгеріп, нарықтық экономика құрылып, демократиялық қоғамның негізі қаланды. Қазақстан халықаралық аренада оқ бойы озық шыққан елдер қатарынан лайықты орнын иеленді. Еліміздің басқа аймақтарымен қатар Сыр өңірі, оның ішінде Жалағаш ауданы да даму үстінде. Сіздерге мерейлі мереке қарсаңында баршаңызға мықты денсаулық, амандық, молшылық, бақ-береке тілеймін. Тәуелсіздігіміздің тірегі, мемлекетіміздің жүрегі болған Ата Заңымыз мәңгілік болсын, – деді аудан әкімі.

Ардақ Әбдіғаппарұлы ауданның өркендеуіне үлес қосып жүрген бірқатар сала қызметкерін арнайы облыс, аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады. Шара аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Бәрекелді!

Мерейлі отбасы – ел мерейі

2013 жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісі отбасы күні болып белгіленді. Ал 2014 жылдан бері «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Ынтымағы ырыспен қуатталып, еңбегі елдің игілігіне жұмсалып жатқан өнегелі отбасыларды кеңінен насихаттайтын «Мерейлі отбасы» байқауының қашанда орны бөлек.
Апта басында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Мерейлі отбасы – 2024» байқауының облыстық кезеңінде жеңіске жеткен отбасыларды марапаттап, жерлестерін алдағы Конституция, отбасы күні мерекесімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғымас кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді» деді. Иә, мерейлі отбасы – береке-бірлігімен, тәлім-тәрбиесімен, қалыптасқан қағидасымен, асыл қасиеттерімен баршаға өнеге. Сондықтан олардың үлгісін дәріптеп, тағылымын көпке тарату маңызды. Биылғы конкурс нәтижесімен 16 отбасы үздіктер қатарынан табылды. Барлығы – өсіп-өнген әулеттер мен шаңырақтар. Өңірлік комиссияның шешімімен Жалағаш ауданынан келген Төленіс Бектаевтың отбасы бүгінгі конкурста бас жүлде иеленіп, республикалық конкурста облысымыздың мерейін үстем етеді, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде облыста отбасыларға қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіліп келеді. Ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы көлемі жыл сайын өсуде. Аналардың 17 мыңға жуығы – «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері, 34 мыңға жуығы – көпбалалы ана. Оларға ай сайын 2 млрд 85 млн теңге мемлекеттік жәрдемақы төленуде. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған тың жобалар жүзеге асуда. Жас отбасыларды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында жыл басында 60 жас отбасы қоныс тойын тойласа, жақын күндері 40 жас отбасына пәтер кілті табысталмақ.

Айта кетейік, Бектаевтар отбасы – 11 бала, 43 немере, 66 шөбере, 2 шөпшек өрбіткен өнегелі отбасы. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласының дамуында өзіндік қолтаңбасы бар, шаруаға ширақ шаңырақ. Бүгінде бұл отбасы Сыр өңірінің әлеуетін арттыруда мемлекеттік маңызды шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, әрқашан игі бастамаларды қолға алып, көпшіліктің құрметіне ие болып жүр.

Отағасы Төленіс Бектаев – тыл ардагері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы. Еңбек жолын 1956 жылы Мақпалкөл ауылында егінші болып бастаған ол аудан орталығындағы қазіргі индустриалды-агрралық колледжде механизатор мамандығы бойынша білім алған. 1990 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласында механизатор болып жемісті еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Төленіс Бектаевтың еселі еңбегі еленіп, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1991 жылы Қазақ ССР-нің жоғары кеңесінің Жарлығымен «Еңбек ардагері» мерекелік медалімен, 2007 жылы «Қызылорда облысына 70 жыл» және Ұлы Жеңістің 60, 65, 70 жылдық медальдарымен марапатталған. Ал ақжаулықты ана Сәнімкүл Әшірбекова – еңбек ардагері, Алтын алқа иегері. 1955 жылы орта мектепті бітірген ол ауыл шаруашылығы саласында күрішші болып 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін үздіксіз еңбек еткен. 7 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірген ана 1974 жылы «Батыр ана» атағын алған. Оның егін шаруашылығындағы еселі еңбегі бағаланып, 1980 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталған.

Төленіс Бектаев пен Сәнімкүл Әшірбековадан тараған балалардың алды зейнеткерлікке шыққан, 5 баладан 16 немере, 1 шөбере сүйіп отырса, кенжелері 4 бала тәрбиелеп отырған ардақты әке. Барлығы жоғары білімді, түрлі салада қызмет етіп, ел экономикасының дамуына еңбек етуде.

– Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның діңгегі. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі, жан-жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы зор. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның бойынан табылуы керек. Осындай шара арқылы әр отбасының ынтымағын арттыруға үлес қосқан ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін, – дейді Төленіс Бектаев.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Сапар

Өңір дамуы басты назарда

«Amanat» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов жұмыс сапарымен Жалағаш ауданына келіп, аудан әкімі Ардақ Ибраимовпен кездесті. Кездесуде партияның «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын іске асыру бағытындағы Жол картасының орындалу барысын талқыланды.

Мұнан соң партияның аудандық филиалына қарасты «Дарын» бастауыш партия ұйымының жұмысмен танысты. 720 партия мүшесінен құралған іргелі ұйымда арнайы кабинет, қоғамдық қабылдау бөлмесі бар. Бастауыш ұйымда төраға Алмасбек Әбілқасымұлы «Баланы мектепке даярлайық!» акциясына қатысып, балалардың жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, 10 оқушыға оқу жылына қажетті құрал-жабдықтар салынған сөмкелер табыстады.

Сондай-ақ төараға партия активімен кездесті. Жиынға аудандық мәслихаттағы «Amanat» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері қатысты.

Актив отырысында партия филиалы мен бастауыш партия ұйымдарының, партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру бағытында «Жол картасы» аясында жұмыстарға тоқталды. Алмасбек Есмаханов жаңадан партия қатарына қабылданған білім, мәдениет саласының мамандарына партиялық билеттер табыстады.

Партияның облыстық филиалының төрағасы ауданға сапары барысында «Ауыл аманаты» жобасы бойынша несие алған Жазылбек Примжановтың автокөлік жуу қызметімен танысты. Жеке кәсіпкер былтыр «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 2,5 пайызбен 7,6 миллион теңге несие алған. Тиісті қаражатқа көлік жуу бекетін қажетті құрал-жабдықтармен толықтырған. Қазіргі таңда автокөлік жуу қызметі бойынша аудан тұрғындарына қызмет көрсетуде. Сондай-ақ 1 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Мұнан соң төраға партияның сайлауалды бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан Қаракеткен ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулатория құрылысындағы партиялық бақылау бекетінде болды. Құрылысы биыл маусым айында басталған дәрігерлік амбулаторияны мердігер «Бақ-Береке 2030» ЖШС салуда. Амбулатория құрылысына бюджеттен 248,8 млн теңге бөлінген. Мердігер компания қазіргі таңда өздеріне тапсырылған жұмыстың 40 пайызын аяқтаған.

Алмасбек Есмаханов ауыл тұрғындарына аса қажетті құрылыс нысанының жұмыстарын мерзімінде әрі сапалы аяқтап, халық игілігіне табыстау қажеттігін айтты. Сондай-ақ ауданға қарасты Бұқарбай батыр ауылының №33 орта мектеп ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысқан ол мердігер мекемеге жаңа оқу жылы басталатын уақытқа дейін құрылыс жұмыстарын сапалы аяқтауды тапсырды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 428,9 млн теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстарын «СК и Монтаж-Строй» ЖШС жүргізуде.

«ЖЖ» ақпарат

Сұхбат

Биыл 7004 бала білім алады

Санаулы күндерден кейін мектебін сағынған оқушылар жаңа оқу жылына қадам басады. Министрлік осы жексенбіде алғашқы қоңырау соғылатынын айтты. Бірақ аудандағы білім ошақтары оған дайын ба, биыл қанша оқушы мектеп табалдырығын аттайды, осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовпен сұхбаттастық...

– Талғат Құрақбайұлы, 2-3 күннен кейін мектеп оқушылары да жаңа оқу жылына қадам басады. Оларды оқулықпен қамтуда мәселе бар ма, биыл қанша бала білім алады, қанша бала алғаш мектеп табалдырығын аттайды және сіздер білім ошақтарының білім берудегі негізгі бағыттары бойынша талдау жасайсыздар ма?

– Орта білім деңгейінде барлық қажетті оқулықтар мәселесі шешілді. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 65,9 мың теңге қаржы бөлінді. Жаңа оқу жылында 20 мектепте 7004 оқушы білім алады. 1 сыныпқа 653 бала қабылданды. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 33, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейтіледі. Жаңағы сауалыңызға келсек, өткен оқу жылында мектептердің негізгі бағыттары бойынша рейтинг жасалды. Жалпы орта білім беретін мектептер бойынша жоғары деңгейге 2 мектеп, орта деңгейлі 11 мектеп, төмен деңгейде 7 мектеп қалыптастырылды. 45 тармақтан тұратын 7 міндет бойынша әрбір мектеп дамуының нысаналы индикаторы жасақталды. Онда педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту және бухгалтерлік есепті жүргізу, жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, білім беру менеджментінің сапасын жақсарту, біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру, білім сапасын бағалау, педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу міндеті көзделген.

– Жалпы жоғары деңгейге жеткен білім ошақтарын ынталандыру, төмен деңгейдегі білім ұяларын көтеру бойынша қандай жобалар қолға алынуда?

– Оқу-ағарту министрлігі тарапынан білім сапасын арттыру мақсатында «мақсатты мектептерді» дамыту жобасы жүзеге асырылуда. Ауданнан 4 мектепке нысаналы көмек көрсетілетін болды. Мұнан бөлек мектептердің даму бағдарламалары әзірленді. Профильді дамыту бағытында пәндер бойынша «Тірек мектептер» желісін қалыптастыру жалғасуда. «Тірек білім беру ұйымдары» ретінде 4 мектеп, 5 балабақша бекітілді.

– Биыл мектеп бітірген түлектердің ҰБТ-дағы көрсеткішіне көңіліңіз тола ма және алдағы жылы үлкен нәтижеге жету үшін қандай жаңалықтар болады?

– Биыл ҰБТ-ға аудандағы 420 түлектің 395-і, яғни 93,6 пайызы қатысты. Ауданның орташа балы 82,7 пайызды құрады. ҰБТ-ға қатысқан мектеп бітірушілердің 294-і мемлекеттік білім беру гранты арқылы жоғары оқу орындарына түсті. Бұл қатысушылардың 74,4 пайызын құрайды. Сонымен қатар «Серпін – 2050» бағдарламасы арқылы 34 түлек солтүстік өңірлерде білімдерін жалғастырса, 16 түлек әскери жоғары оқу орындарының грантын иеленді.

Талапкерлердің 66-сы техникалық, 130-ы педагогикалық, 22-сі медициналық, 32-сі ауыл шаруашылығы мамандықтарын таңдаса, 44-і басқа да салаларды таңдаған. Барлық мектеп бітірушілердің 80,5 пайызы жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды. 19,5 пайызы арнаулы оқу орындарына орналасты. Жалпы бітірушілердің толық орналасуы бойынша сараптау жасалып, білім бөлімінің бақылауына алынған.

Осы тұста айта өтетін мәселе, мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелендіруіміз қажет. Бізде кәсіптік бағдар беруді 10-11 сыныпта ғана жүргіземіз. Бұл дұрыс емес, кәсіби бағдар беруді төменгі сыныптан бастап жүйелі түрде ғылыми негізде жүргізу қажет. Мектеп директорларына осы бағыттағы жұмыстарға назар аударып, арнайы бағдарлама дайындауды тапсырдым.

– Талантты оқушылардың дарынын дамытуда қандай жобаларды қолға алдыңыздар?

– Ауданда дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау бойынша кешенді жұмыстар одан әрі жалғасуда. Пәндік олимпиадаға дайындықты күшейту мақсатында аудандық «Жас дарын» олимпиадалық резерві мектебі құрылып, 122 оқушы қамтылды.

Оқушылар арасында өткен түрлі танымдық байқауларға облыстық деңгейде 300-ден астам оқушы қатысып, 182-сі жүлделі орындардан көрінді, республикалық деңгейде 29 жүлделі орын еншіледі. Алғаш рет өткен ауыл мектептерінің оқушыларына арналған олимпиаданың республикалық кезеңіне 10 оқушы қатысып, 6 оқушы 4 алтын, 1 күміс, 1 қола жүлдеге ие болды. Нәтижесінде республика көлемінде Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицей үздік 10 мектептің құрамына енді.

– Биыл мектептер жаңа оқу жылына дайын ба, жалпы аудандағы білім ошақтарының инфрақұрылымы қалай, оқушылардың білім алуына кедергілер жоқ па?

– Мектептердің ағымдағы жөндеуіне бюджеттен 111,8 млн теңге қаралып, тиісті жұмыстар жасалды. Сонымен қатар Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағытта «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 428,9 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ Таң ауылындағы №118 орта мектеп аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Осы мақсатта облыстық бюджеттен 78 млн теңге бағытталды.

Жалағаш кентінде орналасқан №201 мектеп-лицейге «Қазақстан халқына» қоры есебінен 250 млн теңге қаржы бөлініп, материалдық-техникалық базасын жаңарту және педагогтарды оқыту жұмыстары жүргізілуде. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жарақтандыруға биыл модернизация жаңғырту жұмыстарына 4 мектеп енгізіліп, бұл мақсатқа 983 млн теңге қаралды. Облыстық бюджеттен 15,4 млн теңге бөлініп, 2 мектеп жаңа модификациялық пәндік кабинеттерімен жабдықталуда. Балалар қауіпсіздігіне қатысты 4 мектепке терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарына сәйкес келетін бейнебақылау жүйесі орнатылуда. Бұл бағытта облыстық бюджеттен 28,8 млн теңге қаралған. Барлық мектептер «BilimLand» электронды платформасына қосылған.

Балалар қауіпсіздігін, асхана мен кітапхана жұмысын цифрландыруға бағытталған сәйкестендіру карточкалары жүйесімен қамтылған мектептер үлесі 50 пайызды құрауы тиіс. Осы бағытта тиісті қаржы бөлініп, 3 мектепке аппараттық бағдарламалық кешен орнатылады. Бүгінде «Күнделік» электронды журнал ақпараттық жүйесіне барлық мектеп қосылған.

– Оқушыларға сапалы білім беруде мұғалімдердің де біліктілігін арттыру ерекше маңызға ие. Бұл бағытта қандай жобалар бар және жемісі бар ма?

– Әрине, педагог – оқытушы ғана емес, ұлт тәрбиешісі. Педагогтардың шығармашылығын арттыру мақсатында түрлі кәсіби байқаулар ұйымдастырылып, жетістікке жеткен ұстаздар өздерін облыстық, республикалық деңгейде танытуда. Оқу жылы қорытындысымен 4 педагогымыз жүлделі орындарды иеленді. «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2023» республикалық байқауда №246 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Құралай Серіккызы 3 орын иеленді. «Дарынды балаға – талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадада №201 мектеп-лицейдің математика пәнінің мұғалімі Ермак Махмуд 3 орын иеленді. «Edustream zhuldyzdary» республикалық байқауынан №123 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімдері Гүлдана Каипова III, Айгерім Искакова II орын иеленді.

Бүгінде 1293 педагогтың жаңа формат бойынша аттестациядан70 пайызы өтті. Аттестаттау біліктілігі бойынша 1 шебер, 248 зерттеуші, 372 сарапшы, 282 модератор, 390 педагог бар. Биыл 375 педагог аттестациядан өтуде.

Өздеріңіз білесіздер, тек сапалы адам капитал ғана қазіргі заманның бүкіл талабына жауап бере алады. Бұл ретте мектеп директорларының кәсіби деңгейі білім беру қызметтерінің сапасына елеулі әсер етеді. Мектеп директорларына қойылатын талаптар күшейтілуде. Сондай-ақ халықпен тікелей байланысып, әлеуметтік желіде белсенді болуы тиіс.

– Инклюзивті білім беруде қандай мәселелер бар?

– Бұл – бүгінгі таңда әлем назарын аударып отырған мәселе. Ауданда 343 ерекше білім беруді қажет ететін бала анықталып отыр. 169 бала мектепте, 22 бала арнайы психикалық дамуы тежелген сыныпта, 54 бала үйден оқытылуда, 60 бала балабақшада, 43 бала психологиялық-педагогикалық түзету, 45 бала ресурстық орталықта, 30 бала логопедиялық пункте түзету сабақтарын алуда. Жұмыс жасайтын пән мұғалімдері арнайы инклюзивті курстан тұрақты түрде өткізілуде.

1293 педагогтың 44 пайызы арнайы инклюзивті курстан өтті. Жаңа оқу жылында әлеуметтік осал топтағы оқушыларды қолдау мақсатында 2202 оқушыға «Жалпыға міндетті оқу қоры» есебінен 95,5 млн теңге қаржылай көмек берілді. Олар 100 пайыз бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылады.

– Сапалы білім мен қатар тәрбие беру де өте өзекті. Былтыр балалар арасында елімізде топтық төбелес көбейді, тіпті адам шығыны да болды. Мұндай мәселелердің алдын алуда нендей шаралар қолға алып жатыр?

– «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейтін Мұхтар Әуезовтің даналық сөзі ең әуелі мектепке зер салуға, мектептегі білім беру мен тәрбие ісіне ерекше көңіл бөлуге шақырады. Біз үшін қоғамның тал бесігі – мектеп, ал тәуелсіздікке тірек болар жас ұрпақ нәр алатын бастау – білім мен мектеп қабырғасында берілетін тәрбие. Білімді дамытуға бағытталған жұмысымыз осындай алтын өзекке негізделген.

Жыл басында «2024-2025 жылдарға арналған құқық бұзушылық, буллинг, есірткі, лудомания, вейб темекі, интернетке тәуелділіктің алдын алуда профилактикалық бірлескен іс-шаралардың қадамдық жұмыс жоспары» әзірленді. Білім беру ұйымдарында аталған жоспарларға сәйкес мақсатты шаралар қабылдануда. Тарқатып айтсақ, қадамдық жоспарға сәйкес оқушылар арасында «Жасөспірім және Заң» құқықтық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында 36 шара ұйымдастырылды. Оған 5 мыңнан астам оқушы қатысты. Жыл басынан бері жауапты органдармен қатар ата-аналар тартылып, құқық бұзушылықтың алдын алуда «Түнгі қаладағы балалар» рейді күшейтілді. Есепті мерзімде өткен 111 рейдке 1789 адам қатысты.

Бала бойында жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру, құқықтық сананы жетілдіру мақсатында «Армандар орындалады» жобасы жүзеге асырылып, білім алушылар мен ата-аналарға арнайы әзірленген бейнероликтер көрсетілді, психолог кеңестері өтті. Оқушылар мен зиялы қауым өкілдерінің, ауданға белгілі белсенді жастардың кездесулері ұйымдастырылуда. Онда оқушыларды толғандырып жүрген мәселелер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Өмірдің қиын жағдайында қалған балалар мен жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсету және психолог мамандарға әдістемелік-сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу үшін биыл облыста «Психологиялық қолдау орталығы» ашылды. Қазіргі таңда орталықта 22 маман жұмыс жасайды. Білім беру ұйымдары педагогтарымен және психологтарымен жыл басынан бері екі мәрте супервизия өткізілді. Мектепішілік есепке алуды жүргізу бойынша кейс менеджмент тетігі енгізілді. 2122 оқушыдан сауалнама алынып, көмекке мұқтаж 15 оқушы анықталып, психологиялық-медициналық көмек көрсетілді.

Балалардың бос уақытын тиімді пайдалануды үйлестіру кешенді іс-шараларына сәйкес есептегі, бақылаудағы балаларды түрлі үйірмелерге тарту жұмыстары жүруде. Дегенмен атқарылған жұмыстарға қарамастан келеңсіз жағдайлар жыл сайын орын алуда. Соңғы 5 жылда ауданда жасөспірімдер арасында 4 зорлық-зомбылық жағдайы, 2 суицидке ұмтылыс, 10 ұсақ бұзақылық, 2 топтық төбелес, 4 ұрлық қылмысы орын алды. Биыл «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Адал адам – адал еңбек – Адал табыс» атты құндылыққа негізделген тәрбие жұмысы басшылыққа алынады.

Қоғамға, мемлекетке жауапкершілігі жоғары азамат тәрбиелеу білім беру жүйесінің аса маңызды міндеті екенін естен шығаруға болмайды. Сондықтан қай заманда болсын мектеп қоғам тұрақтылығы мен мемлекет мүддесін қорғау жүйесінің алтын тұғыры болған. Білім беру жүйесінің басы-қасында жүрген әртіптестер осыны терең түсініп, тиісті қорытынды жасауға міндетті.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, шығармашылықты талап ететін еңбек екенін баршамыз мойындаймыз. Жас өркенді біліммен қаруландырып, қанатын қатайтып, әлемдік бәсекеге қосудың кілті ұстаздардың қолында. Бұл – бізге жүктелген абыройлы міндет. Сол ұлы істе абыройымыз қашан биік болғай.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Сейдахметов Кайрат Бегимовичтың 2024-2028 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Сейдахметов Кайрат Бегимович 1979 жылы 23 қарашада Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1996-2001 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің «Инженерлік-экономикалық» факультетін «Жол қозғалысының инженері» мамандығы бойынша бітірген. 2001-2002 жылы Қызылорда Инженерлік Экономика институтының «Жалпы инженерлік пәндер» кафедрасының оқытушы мұғалімі. 2002-2003 жылы ҚР ІІМ-нің Ішкі Әскерінің №6654 ә/б «Автотранспортық» ротасында «Атқыш» лауазымы әскери борышын өтеген. 2003-2006 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің «Юриспруденция» факультетін сыртай оқыған. 2004-2011 жылдары Қызылорда ҚІІб-ның патрульдік полиция батальонының саптық бөлімшесінің қызмет аға инспекторы, 2011-2018 жылдары аралығында Қызылорда ОПД-ның Жалағаш ауданының полиция бөлімінің әртүрлі лауазымдарында қызмет атқарып, 2018-2020 жылдары АП бөлімі бастығының бірінші орынбасары лауазымында болып зейнеткерлікке шыққан. 2020 жылы Жалағаш ауданы Таң ауылында орналасқан «Таң LTD» ЖШС директорының орынбасары болды. 2020 жылдың 19 қазанынан қазіргі таңға дейін Таң ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарды. Отбасылы, алты бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті Таң ауылының сайлаушылары!

Ауылды дамыту жолында қызмет ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жолында халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоямын. Мен 2020 жылдан бастап Таң ауылы әкімі қызметін атқарып келемін. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру арқылы сіздердің қолдауларыңызбен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Сондықтан мен ауылымыздың озық өңірлердің үнемі көшбасында тұруы үшін барша жерлестерімді мені қолдауға шақырамын.

Ауыл тұрғындарымен қашанда бірге болып, сенімді ақтау жолында аянбай еңбек ету үшін өз міндеттерімді алға қоямын.

Халыққа қызмет көрсетуді өзімнің азаматтық борышым деп білемін.

2026 жылға дейін ауылымыздағы сапасы сын көтермейтін ішкі жолдарды жөндеуге атсалысамын.

2025-2026 жылдары жарықтандыру мәселесін түбегейлі шешіп, 7 көшеге жарықтандыру жүргізілетін болады. Сонымен қатар Жаңақоныс елді мекенідегі 2 көшенің жарықтандыру жұмыстары шешімін табатын болады. 2026 жылы ауыл тұрғындары толығымен газ отынына қосылады.

Ауыл тұрғындарына кешкі уақытта демалатын демалыс орындар мен ойын алаңдарын салуға, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтауға ықпал жасаймын.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде оқытуға, несиелер және грант алуға жәрдемдесемін.

Өндеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға жәрдемдесіп (наубайхана, ұн, май шығару), ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып, жылыжай кешендерін ашуға және тұрғындардың пайдалануына қолғабыс жасаймын.

Ауыл тазалығы – халық айнасы. Ауылдық округті жасыл желекке айналдыру мақсатында абаттандыру жұмыстарын жүргіземін. Атқарылатын жұмыстардың сапасы ұдайы бақылауымда болады.

Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастыру және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жұмыс жасаймын.

Жастарды қолдау да күн тәртібінен түспейді. Жастарды кәсіпке баулу мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде грант, төмен пайызда несие алып кәсібін бастауға ықпал етемін.

Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстауға, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды да басты назарда ұстауға жұмыс жасаймын.

Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлының 2024-2028 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлы 1993 жылы 1 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары.

2011-2014 жылдары И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжін «Мұнай және газ құбырлары мен қоймаларын салу және пайдалану» мамандығы бойынша үздік бітірген.

2015-2018 жылы Шымкент аймақтық-әлеуметтік инновациялық университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша экономика және бизнес біліктілігін алды.

2020-2021 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түсіп, бизнес және басқару магистрі атанды.

Еңбек жолын 2015 жылы Жалағаш аудандық жұмыспен қамту орталығында бағдарламашы болып бастаған.

2016-2018 жылдары Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман қызметін атқарды.

2018-2022 жылдары Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімінде бас маман болып еңбек етті.

2022-2023 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару, мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімдерінде бас инспектор болды.

2023 жылдың тамыз айынан бастап Жалағаш ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас инспекторы лауазымын атқарып келеді.

Отбасылы, 2 ұл 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының ұсынысы мен талап-тілегіне мұқият көңіл бөліп, пікірімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешімін табуына жұмыс жасаймын.

2. Ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серпін алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін.

3. Ауылдағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасай отырып, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалануы үшін мәдени-қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға ықпал етемін.

4. Жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, күл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

5. Таң ауылында учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті тұрғындарымен бірлесе отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапкершілікпен қараймын.

6. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде өңірге жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына жұмыс жасаймын.

7. Кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыруда ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын несиелерге қол жеткізу арқылы іс бастауына жұмыс жасаймын.

8. Таң ауылында жүргізіліп жатқан саяси, мәдени-әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттау, ауыл халқымен бірлесе отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейінде жүргізуді негізгі міндетім деп білемін.

9. Ауылда ауыз суға, аяқсуға халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, бұл бағытта бірқатар мәселенің шешімін табуына жұмыс жасаймын. Бұл жұмыстардың жүзеге асуы үшін бірінші кезекте сайлаушылардың қолдауы ерекше маңызға ие.

Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Ибраев Дәурен Сәбитұлының 2024-2028 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Ибраев Дәурен Сәбитұлы 1990 жылы 28 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. 1996 жылы №33 орта мектептің табалдырығын аттап, 2008 жылы 11 сыныпты бітірген. 2008-2011 жылдары Қызылорда экономика және құқық колледжін «Есеп, бухгалтерлік ісі және аудит» мамандығы бойынша бітірген. 2021 жылы «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтын «Экономика» бакалавры мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2012 жылы «Фрак-Джет» ЖШС-да бұрғылаушының көмекшісі болып бастаған. 2013 жылы «Technology Алем Ойл» ЖШС-да бұрғылаушының көмекшісі болды. 2013 жылы Жалағаш ауданы әкімдігінің Еңбек ауылдық округі әкімдігінде жетекші маман қызметін атқарған. 2017 жылы 25 тамыздан бастап Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімдігінде бас маман қызметін атқарып келеді. Отбасылы, екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Мемлекеттік қызметте азды-көпті жиған тәжірибеміз бар, оның ішінде ауылдық елді мекен әкімшілігінде де еңбек еткенде аға буыннан алған өнегеміз тағы бар. Міне, сол жиған тәжірибемді тұтастай бір ауылдың болашағына жұмсасам деймін. Алдағы саяси науқанда бақ сынауыма да басты себеп осы болып отыр.

Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені тұтастай бір елді мекен халқының сеніміне жұмыс жасау оңай емес. Яғни бір өңірдің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, іс жүргізуіме тікелей байланысты. Ал бұл уақыт ауылдың екінші тынысын ашуға толықтай жетеді. Оны жүзеге асыру үшін 4 жылдық сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

1. Елдің әлеуетін арттыру бәрінен маңызды. Бұл ретте бірінші кезекте экономикада тұрақты өсім қалыптастыру керек. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында салық базасын ұлғайту жолдарын қарастыруға алдағы уақытта басымдық беремін. Себебі бірінші кезекте кіріс көзін еселеудің амалын табу керек. Онсыз ауылдың әлеуетін арттырамын деу тағы да құр сөз болып қала береді.

2. Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет. Себебі өзіміз тұратын елді мекеннің тазалығы баршамызды толғандыруы тиіс. Сондықтан ауылда көркейту-көгаландыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге жұмыла жұмыс жасауды ұйымдастырамын. Әрине, бұл ретте елдің ынтымағы бәрінен маңызды. Бірлік болмай, тірлік болмайтынын жақсы білеміз. Тек санитарлық тазалық жұмыстарында ғана емес, менің 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда айтылған барлық мақсат-міндеттің жүзеге асуы үшін алдымен ауыл халқының бірлігі қажет.

3. Ауыл тұрғындарын мемлекеттік, салалық бағдарламаларға қатыстыру арқылы кәсіпкерлікке бейімдеудің маңызы жоғары деп есептеймін. Себебі бұл саланы дамыту арқылы тұралаған бірқатар мәселенің шешімін табуға мүмкіндік аламыз. Бұл салада серпін қалыптасса, бірінші кезекте өңірдің кірісі еселенеді, елді мекенде жұмыссыздық мәселесін болдырмауға мүмкіндік туады, жергілікті халықтың екі қолға бір күрек табуына жағдай жасалып, бос жаңа жұмыс орындары ашылады.

4. Қазір ауыл, қала деп бөліп-жаратын уақыт емес. Себебі қазір ауылдық елді мекендерде де инфрақұрылымды дамытуға мемлекет барлық жағдайды жасап жатыр. Осы ретте ауыл көшелерін асфальттау, жарықтандыру жұмыстарын қолға алу керек деп есептеймін және оны осы жылдан бастап кету керек.

5. Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамытудың маңызы жоғары. Бұл жергілікті халықтың денсаулығының жақсаруына мүмкіндік береді. Сондықтан ауылда спорттық нысандар салудың да маңызы жоғары деп есептеймін. Сайлаушылар қолдаса, шаруаны ширату қолымнан келеді.

Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Сақтансаң, сақтайды

Жол қауіпсіздігі жіті назарда болсын

Жаңа оқу жылы қарсаңында облыс полицейлері күшейтілген режимде жұмыс істемек. Жаңа оқу жылының алғашқы күнінен бастап күнделікті мектеп алдындағы жол өткелдерінде балалар травматизмінің алдын алу мақсатында таңертең, түскі және кешкі уақытта ювеналды және патрульдік полиция инспекторлары қызмет атқаратын болады.

Сондай-ақ республика көлемінде өтіп жатқан «Назар аударыңыз – балалар!» атты іс-шарасы аясында облыстағы 335 мектептің аумағында жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарына, жол белгілері мен жолүсті таңбаларына тексеру жұмыстары жүргізілген.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз» деп, тиісті шаралар қабылдау үшін барлық мүдделі органдарға қажетті тапсырма берген еді. Сондықтан балалардың қауіпсіздігі әрқашан басты назарда. Осы оқу жылының басталуымен оған екі есе ерекше назар аударылатын болады.

Қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдармен балалардың қауіпсіздігі бағытында тиісті шаралар қабылдануда. Осыған орай полиция қызметі күшейтілген кестеге өтіп, 1 қыркүйек «Білім күні» барлық оқу ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 594 қызметкер мен 139 автокөлік жұмылдырылады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін тұрақты түрде «Абайлаңыз, балалар!», «Абайлаңыз, жаяу жүргінші!», «Балалар, жолда абай болыңдар!», «Мектепке жол» секілді профилактикалық шаралар қабылдануда.

Тағы бір мәселе, қазіргі заман ағымына сәйкес, балаларымыз электросамокаттар мен гидроскутерлерге қызығушылық танытуда. Осыған орай олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысымен жол жүрісі туралы заңнамаға өзгерістер енгізіліп, күшіне енді. Қабылданған Заңға сәйкес, электросамокаттар веложолдарда, жолдың жүріс бөлігінің оң жақ шетінде, оның ішінде маршруттық көліктерге арналған жолақтың бойымен бір қатарда 25 шақырым жылдамдықпен қозғала алады және жүргізушілері 18 жастан жоғары, кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі бар, шлемде болуы қажет. Электросамокатпен жолаушылар мен жүктерді тасымалдағаны үшін және жол жүрісіне қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзғаны үшін ҚР Әкімшілік кодекстің 593 (шлемсіз басқару, жүк және жолаушы тасымалдау) және 620-бабымен (жүргізуші куәлігі жоқ) әкімшілік жауапкершілік қарастырылады.

Бұл шаралардың басты мақсаты – адамның өмірі мен денсаулығын сақтап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы ретте жүргізушілердің назарына жылдамдықты асырмай, жол ережелерін сақтап жүруге, жаяу жүргіншілер жол жағдайын ескеріп, тек белгіленген орыннан өту қажеттігін ескертеді.

Жандос ЖАЗКЕН



Су айдындарынан 8 адам құтқарылған

Адамдар еңбек демалысына шығып, жас та, кәрі де су жағасына барып, балаларымен, достарымен бірге табиғат аясында серуендеуге бет алады. Су жағалауларында күнге қыздырынып, демалып, салқын суға шомылғысы келетіні, оның жанға сондай жайлы екені анық. Алайда адамдардың суда қауіпсіздік ережелері мен шараларын сақтамауы, балалардың суға шомыла білмеуі, мас күйінде суға шомылу орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады.

Нақтырақ тоқталсақ, жыл басынан бері облыстық ТЖД қызметкерлерінің көмегімен су айдындарынан 8 адам құтқарылған. Мамандардың айтуынша, суға түсу кезінде болатын қайғылы жағдайлардың басты себебі – қауіпсіздік ережесінің сақталмауы. Осыған сәйкес тиісті сала мамандарының жұмылдырылуымен облыс аумағындағы су айдындарында жыл басынан бері 2 112 рейдтік жұмыс жүргізіліп, 71 мыңнан астам тұрғынға судағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілген.

Иә, Сырдария өзенінде жылда азаматтардың әртүрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауы, оның ішінде суға шомылу маусымында судағы адамдардың әсіресе балалардың қазасы өзекті мәселе болып отыр. Суда адамдардың қаза болуының негізгі себебі қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуы болып табылады. Мәселен, өзен немесе каналдардың кез келген әрі зерттелмеген ағысы жылдам, терең, жағалары тік жар жерлеріне суға түсу, балалардың ересектердің бақылауынсыз су жағасына баруы мен суға түсуі және олардың жүзе білмеуі қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтыруда.

Жалпы облыс бойынша 18 стационарлық және 8 модульдік бассейн орнатылған. Қосымша жеке кәсіпкерлер тарапынан жазғы демалыс орындарында 11 стационарлық бассейн бар. Сондай-ақ облыс аумағында жазғы демалыс уақытында 8 балалар лагері жұмыс жасаса, департамент қызметкерлері лагердің нұсқаушыларымен бірге жүзуді оқыту бойынша тегін сабақтар өткізген. Өңірде суға шомылуға тыйым салынған 63 қауіпті аймақ тіркелген.

Аудандағы ахуалға тоқталсақ, суға шомылу маусымы басталғалы суға бату фактілері тіркелмеген. Жалпы аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесіп жергілікті билік өкілдері де алдын алу шараларына белсене қатысуда. Күн сайын жауапты сала мамандарымен бірге рейдтік жұмыстар, үнпарақтар тарату, адам көп шоғырланытын жерлерде видеороликтер көрсету, басылым беттеріне мақалалар жариялау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Соның нәтижесінде суға шомылу маусымында оқыс оқиғалар орын алмаған.

«ЖЖ» ақпарат

Сайлаушылардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының Таң ауылдық округінің әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен

КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Ибраев Дәурен Сәбитұлы	Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №14, «Жалағаш аудандық білім бөлімінің «№118 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты	03.09.2024 жыл	сағат 10.00
2	Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлы			
3	Сейдахметов Кайрат Бегимович			

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Маман мерейі

Өнер адамы тек мәдениет саласынан болуы шарт емес. Бойында қандай да бір таланты бар жан қай салада жүрсе де өнерден шет кетпейді. Бұған аудандық полиция бөлімінің қызметкері, полиция майоры Жасұлан Әбдуайтовтың шығармашылығымен танысқанда көзіміз жетті. Өнерді жан тәнімен ұғып, әншілік қабілетін шыңдап жүрген жерлесіміз жауапкершілігі мол қызметі мен бойына дарыған өнерін бүгінде абыроймен арқалап жүр.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Жұмысы жүйелі, өнері өрелі

Иығына погон таққан полицей қызметтің ауырлығына қарамастан қазақтың қара домбырасынан, өнерінен алыс емес. Өнерді ұрыптаған қарапайым отбасында дүниеге келген кейіпкеріміз бала күнінен ән әлемінде әлдилеп өскен. Сөзінше, оған бұл талант әкесінен, нағашы жұртынан да дарыған. Нағашылары аймаққа белгілі жырау, ақын, термеші болыпты. Ол кісілердің музыкалық сауаты болмаса да, естіген әуенін домбыра немесе түрлі аспаптарға салып ойнай алады екен. Осылайша полицейдің таланты бала кезден өнерлі ортада қалыптасса керек.

Кейіпкеріміз әншіліктен бөлек ән де шығарады. Бүгінде оның шығармашылық қоржыны бірнеше жаңа әнмен толыққан. Мәселен, «Жалағашым», «Рахмет саған, дәрігер», «Қазақ жігіті», «Тыныштық сақшысы», «Мама», «Мен сені сүйемін өмір», «Әкешім», «Алыстағы махаббат», сынды тәл туындыларды жарыққа шығарған. Жасұланның ең алғашқы орындаған туындысы «Жалағашым» әні екен. Әдеттегідей бір концерттік шарада жүргенде оның өнеріне тамсанған композитор Сақыпжан Аймаханқызы «Жалағашым» әнін сыйға тартыпты. Бұл туындыны киелі Жалағаш топырағында өскен азамат орындаса дегені шығар. Сондай-ақ жақында жарық көрген туындысы «Нәзеркем» атты әні бүгінде әнсүйер қауымның жүрегінен орын тауып үлгерген. Бір қызығы, бұл әннің сөзін Жасұланның өзі жазған.

– Иә, өнер мен үшін бала қиялымен ұштасқан жеке хоббиім десем болады. Өнерді жаным сүйеді. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, спортпен де кәсіби шұғылданамын. Күрестен спорт шеберімін. Азды-көпті жетістігім де бар. Жалпы бүгінгі қызметім құқық қорғау саласына үлкен қызығушылықпен келдім. Қызметтегі міндетімді адал атқарудамын. Бұл салада қызмет етке німе 15 жылға жуықтады. Әр мамандықтың өзіне тән ерекшелігі мен қиындығы болады. Мен өз ісімді жақсы көремін, сондықтан маған өнерде де, құқық қорғау саласында да қызмет атқарған қиын емес. Жан дүнием, ойым, болмысым шығармашылыққа жақын болғандықтан адаммен тіл табысуға бейіммін, – дейді өнерлі полицей.

Кейіпкеріміз ұлттық аспабымыз домбыраны жетік меңгерген. Ал гитараны өз бетінше үйренген. Балалық, студенттік кезден түрлі деңгейдегі байқауларда бой көрсеткен Жасұлан үлкен конкурстан жүлделі орындар иеленген. Қызметте жүріп сала мамандары арасында өтетін республикалық «Парасатты полицей» өнер байқауында 3 орын еншілеген. Сондай-ақ ауданның басқа да мәдени-танымдық іс-шараларына тұрақты қатысып тұрады.

Кейіпкеріміз сұхбат соңында өнердегі жоспарымен де бөлісті. Ол бүгінде іштегі өнердің сәулесін тұншықтырмай, тыңдармандарын жаңа туындының жарық көруімен қуантуға жұмыс жасауда. Өзінің айтуынша, ән патриоттық тұрғыда, жастарды рухтандыратын, салмағы басым керемет дүние болмақ.

Тарих

Кеңестің алғашқы атом бомбасы

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс пен Шығыс арасында халықаралық жағдай шиеленісе түсті. Батыста АҚШ бастаған НАТО, Шығыста социалистік елдердің Қарулы Күштерінен «Варшава шарты» одағы қайта құрылды.

Батыс өзінің «қырғиқабақ соғыс», «қауырт соғыс» доктринасын жүзеге асыру мақсатында дүниежүзінің көптеген елінде соғыс базаларын орнатып, түрлі аймақта атом бомбаларын сынап жатты. Әсіресе текетірес алпысыншы жылдардың басында «Кариб дағдарысы» Кубадағы жағдай кезінде шиеленісе түсті. Осы жылдары Кеңес үкіметі нанға жарымай, ел азық-түліктің карточкалық жүйесіне көшсе де елдің Қарулы Күштерін өркендетуге қаржыны аямады. Ядролық атом бомбаларын қашықтығы 10 мың шақырымға 35-40 минутта қарсыластарының нысаналарын тас-талқанын шығаратын стратегиялық мақсаттағы ракета әскері құрылды.

Бірбеткей, кезінде валентаризм саясатын ұстаған Кеңес одағының басшысы Н.С.Хрущев Батыстың қыр көрсетуіне өзінің текетіресімен қарсы тұрды. Құрлықтың арғы бетіндегі Кариб теңізіндегі Кубаға жасалған АҚШ-тың басқыншыларына қыр көрсетіп, Гаваннаны әуе шабуылынан қорғау мақсатында Кеңестің стратегиялық мақсаттағы ядролық ракеталарды жеткізіп, дайындық сапына қойдырды. Ұлы Жеңістің қызуы басылмаған алып елдің басшысы сол жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесін төпелеп, «мен әлі сендерге көрсетемін» деп батыстың мысын басқан еді.

Осы жылдары Кеңестің Қарулы Күштері қатарына стратегиялық мақсаттағы ядролық ракета әскерінің құрамында қызмет атқарған осы жолдың авторы аталған қарулардың ракетші-жауынгері болған еді. Иә, біз сол қаһарлы қаруларды игердік, оған қызмет жасадық, маманы болдық.

XX ғасыр «атом ғасыры» деп аталады. Осы жылдары ғалымдар атомның құпиясын зерттеп, оны бейбітшілік және адамды қырып-жоятын соғыс жағдайына бейімдеп, атом бомбасын жасап, оны қолданып, сынап та үлгірді. Адамзатқа қайғы-қасірет әкелген атом қаруы өткен ғасырда дүниеге келген Семей өңірінде атом жарылысының сынақ алаңы болып ұзақ жылдар азап шегуін жүрегі «қазақ» деп соғатын халық ұмытпауы тиіс. Атом бөлшектерінің тізбекті реакцияға түсіп, теңдесі жоқ қопарылыс жасайтын атом бомбасын жасау тарихына қысқаша шолу жасайын.

1933 жылы Германияның үкімет басына А.Гитлердің келуі елді тоталитарлық, нәсілді-нацистік мемлекетке айналдырды, «дүниені неміс ұлты билейді» деген ұғымды жүзеге асыру мақсатында елдегі еврейлерді қырып-жою науқаны басталды. Ал бұл ұлттың өкілдері тек қана Германияда емес, дүниедегі озық ойлы, ғасыр жаңалығы атом саласының ғалымдары болатын. Олар амалсыздан Америкаға кетті. АҚШ үкіметі олардың басын қосып, ғылыммен айналысуына жағдай жасады. Ғалым-атомшыларды өз мақсатына, қуатты атом қаруын жасауға пайдаланды. 1945 жылы АҚШ-та алғашқы атом бомбасы «балапан» деген атпен өмірге келіп, сол жылдың тамыз айының басында Жапонияның Хиросима, Нагасаки қалаларына тасталып, құдіретін көрсетті. Американың өте құпия, қырып-жоятын қару шығарумен айналысып жатқанын тиісті орындардан 1942 жылдың басында естіген И.В.Сталин академиктер А.Иоффе, Н.Курчатовқа сол жылдың соңына дейін атом бомбасын жасауды қолға алуды қатаң тапсырды.

1943 жылы КСРО Ғылым академиясында №2 зертхана құрылып, оны И.Курчатов басқарды. Бұл зертханада академиктер Ю.Харитон, Г.Флеров, Я.Зельдович, Н.Кикони сынды басқа да ғалымдар жұмысқа кіріседі. Н.Курчатовтың өтінішімен майданнан атақты ғалым-мамандар шақырылып алынады. Кейін бұл зертхана КСРО Ғылым академиясының Атом-энергия институты болып аталды. 1945 жылдың 20 тамызында КСРО Қорғаныс комитеті шешімімен арнайы комитет құрылып, оны Л.Берия басқарады. Кейін КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы бас басқарма болып аталып, 1953 жылы Орта машина жасау министрлігі болып құрылды. 1945 жылы №2 зертханаға Одақтағы физиктер, химиктер, геологтар, металлургтер, уран технологиясын зерттеуші атақты ғалымдар шақырылып, жұмыс істей бастады. 1946 жылы үкімет шешімімен №2 зертханада «КБ-II» атты ғылыми-зерттеу орталығы құрылып, отандық атом бомбасын жасау қызу қолға алынады. П.М.Зернов жалпы басшылықты, ал академик Ф.Харитон ғылыми жұмысына жетекшілік жасады. «КБ»-құрылысы оқ-дәрі шығаратын бір зауыт КСРО Ішкі істер министрлігінің күшімен жүргізіледі.

1946 жылы Челябі қаласында бірінші рет атом ректоры «А» зауыты іске қосылады. Кейін бұл зауыт «Челябы-40» деп аталды. «КБ» кейіннен радиохимия зауытында байытылған ураннан «плутонидың» бөлінуі жүзеге асырылады. Екі зауыттың кешенді жұмыс нәтижесінде алғашқы атом бомбасы жасалды. Зауыттар мен қалашықтар батпақты ну орманның арасынан тұтқындалған, сотталған еріктікіріптарлардың күшімен салынды.

1948 жылы КСРО министрлер Кеңесі И.В.Курчатовқа Ю.В. Харитонға П.В.Зерновқа 1949 жылдың 1 желтоқсанына дейін атом бомбасын жасап, мемлекеттік сынақтан өткізуді тапсырды. 1949 жылдың 29 тамызында таңғы сағат 6-дан 20 минут өткенде Семей қаласының жанындағы атом полигонында алғашқы атом бомбасы дайын болғанын хабарлап, оны сынақтан өткізуге болатыны жайлы актіге қол қойды. Сағат 7.00-де атом бомбасы сынақ алаңында жарылды. Жарылыс арнайы жасалған қалашықты, фермалар мен көпірлерді, тас үйлерді қиратып, күлге айналдырды. Сынақ қорытындысы пленкаға түсіріліп, А.Берияға табыс етілді. Таспадағы сынақ қорытындысы А.Берия Бикини аралында американдықтар сынаған атом бомбасының әсерін көрген академик Скобельцинге, Мешеряковқа көрсетіп, атом бомбаларының қуатын сұрап, қызыққан болатын. Сталиннің айтуымен Курчатовқа, Харитонға, Щелкинге, Альферовқа, Флеровқа, Духовқа және басқаларға Сталиндік сыйлық пен «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Оларға тегін «Победа» автокөлігін, «Жуковка» саяжайында жиһаздарымен үй, кез келген уақытта Кеңес одағында тегін жүріп-тұруға, балалары емтихансыз жоғары оқу орындарына оқу құқы берілген болатын. Көптеген ғалымдар мен мамандар «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендері, медальдарымен, КСРО мемлекеттік ақшалай, заттай сыйлықтарымен марапатталды. Мемлекеттік барлау басқармасының бастығы Ф.Ф.Кузнецов үкімет тарапынан марапатталып, КСРО төрағасының алғыс хатын алды. Ал Хиросима мен Нагасакиге атом бомбасын тастаған әскери ұшқыштар Американың «Ұлттық батыры» атанып, елде не істесе де сұраусыз, жауап бермейтін құқыққа ие болған. Америкада алғашқы бомба жасаған ғалым Президент Трумен алдында мыңдаған адамның өмірін жоятын қару жасағанына өкініп жылағанын оқырмандардың біле бермеуі мүмкін.

Алғашқы кеңестік атом бомбасы Семей өлкесінде жарылып, далада мал өсіріп, бейбіт тіршілікте жүрген халықты қасіретке ұшыратып жатқанда Мәскеу, Кремль мерекелеп, жоғары эшалондағы көсемдер мен ғалымдар және осы алғашқы атом бомбасын жасаушылар мен сынаушылар той тойлаған еді.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Құттықтау

Қымбатты еңбек және тыл ардагерлері!

Сіздерді ҚР Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – халқымыз үшін аса қастерлі де ұлы мереке. Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата Заңымызда бекітілген қағидаттар бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр.

Конституция ел бірлігін, тұрақтылығын, мемлекеттік құрылым мен еліміздің тұтастығын бекітіп берді. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Басты құндылықтарымыз – тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңызға бақ-береке тілеймін. Келешегіміз кемел болсын!

Ізгі ниетпен,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Алиев

Тағзым

«Невада-Семей» – бейбітшілік қозғалысы

Тарихтан жақсы білеміз, өткен ғасыр ғалымдары ядролық қаруды ойлап тауып, әртүрлі сынақтардан өткізді. Салдарынан әлем алапат қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мұнан бөлек бомбадан бөлінетін радиактивті сәулелерден қаншама халық зардап шегіп, түрлі қатерлі ауруларға ұшырады. Жалпы әубаста ядролық энергияны игеру Англияда, Германияда, АҚШ-та басталған.

Аудандық жастар ресурстық орталығы және аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен Семей ядролық полигонының жабылғанына 33 жыл толуына орай ардагерлермен кездесу өтті. Шараны аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет ашып, күллі адамзат баласына зор қауіп төндірген полигон зардаптарын болдырмау бағытындағы қажырлы еңбек еткен ардагерлерге алғыс білдірді.

– Бұл оқиғаны көзбен көрген ақсақалдар жаңа тағылымды естеліктерімен бөлісті. Шындығында, Қазақстан мұндай сынақтардан бас тартып, өзінің бейбітсүйгіш мемлекет екенін тағы бір дәлелдеді. Қиын кезеңді еңсерудегі аға буынның еңбегі өлшеусіз. Олардың қатарында арамыздағы ағаларымыз да бар. Баршаңызға амандық тілеймін, енді әлемде мұндай апаттар орын алмасын, – деді Жасұлан Ерданұлы.

Кездесуде «Невада-Семей» қозғалысының аудан бойынша жетекшісі Жұматай Қорғанбаев бұл күннің ел тарихындағы және адамзат тарихындағы маңызына тоқталды. Полигонда әскери борышын өтеген ардагерлер көзбен көрген оқиғаларымен бөлісіп, өздерінің ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Жиын соңында ардагерлерге жастар атынан сыйлықтар табысталды.

Ядролық қарудың алғаш сынақтан өткізілуі осыдан 64 жыл бұрын 6 тамызда Жапонияның Хиросима қаласына американдық «Малыш» атты бомба тасталуымен тарихта қалды. Тоғызыншы тамызда Жапон елінің екінші қаласы Нагасаки ядролық бомбаның құрбаны болды. Қарудың қасіретінен жалпы саны 450 мыңнан астам адам өмірімен қоштасты. Ал аман қалғандар әлі күнге дейін радиация әсерінен болатын аурулардан зардап шегуде. Соңғы мәліметтер бойынша олардың саны 183 519 адамды құрайды.

КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 миллион гектар жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Семей полигоны Кеңес одағының аса маңызды стратегиялық нысаны болды. Семей ядролық полигонының тәжірибелік алаңдарында 456 ядролық жарылыс жасалды. Семейде 40 жыл бойы сыналған ядролық жарылыстардың жиынтық қуаты Хиросимаға тасталған бомбаның қуатынан 2,5 мың есе асып түсті.

Жойқын қарудан зардап шеккен қазақ халқы ядролық полигонды жабуға қарсы шықты. Сөйтіп 1989 жылдың 28 ақпанында Семейдегі атом полигонын жабу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада-Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өтті. Оны белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов басқарды.

Халықтың қолдауына ие болған «Невада-Семей» ядролық жарылыстарға қарсы халықаралық қозғалысы Семей ядролық полигонындағы сынақтарды тоқтатуға қол жеткізді. Қалың бұқараның қысымымен Семей полигонындағы сынақтар саны азая бастады.

Осылайша ажал аранына қарсылық танытқан қазақ халқы өз дегеніне жетті. Әлемдегі ең үлкен полигон жабылып, атом қаруынан бас тарту әрекеті жасалды. Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің, АҚШ пен Францияның полигондарында ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. Сөйтіп 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылды. Бұл әрекет Қазақ елінің бейбітсүйгіш халық екенін тағы бір мәрте дәлелдей түсті.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1372

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ